

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 тамыздағы N 1219 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 сәуірдегі N 428 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 1253 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 1253 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Алтын белгі" белгісі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 тамыздағы N 1219 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 41, 374-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақтағы "Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі" деген сөздер "Білім және ғылым министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын; көрсетілген қаулымен бекітілген "Алтын белгі" белгісі туралы ережеде:

2-тармақтың 3) тармақшасы мен соңғы абзацы алынып тасталсын және 2) тармақшадағы "өткен" деген сөзден кейін "оқушылар марапатталады." деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі